

"Бір ел – бір кітап" республикалық акциясы Кітапханашылар Ассоциациясы бастамасымен 2007 жылдан бастап өткізіліп келеді.

2022 жылы "Бір ел – бір кітап - 2022" республикалық акциясы аясында оқуға ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларын ұсыну бойынша сауалнама жарияланды.

Өздеріңізге белгілі биыл Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын ЮНЕСКО көлемінде және елімізде атап өтеді. Қазақ елі үшін Ахмет Байтұрсынұлы ерекше тұлға, ол мемлекет қайраткері, ғалым, ағартушы, ақын, публицист, ұлттық жазудың реформаторы, қазақ лингвистикасы мен әдебиеттанудың негізін қалаушы. Мектеп оқырманымыздың назарына «Ахмет Байтұрсынұлының әдеби шығармалары» атты презентацияны ұсынамыз.

Ахмет Байтұрсынұлының әдеби шығармалары



кітаптардың тұсаукесері

ХАЛЫҚ ҰСТАЗЫ

Адамдық диқаншысы қырга шықтым;

Кол жоқ, қозғалы жоқ - қорға шықтым.

Тұқымын адамдықтың шаштым екім,

Қоңілін көзертуге құл халықтың.



А. Байтұрсынұлы

А. Байтұрсынұлының осы өлең жолдары оның бүкіл өмірінің эпиграфы іспеттес. Ол - ақын, жазушы, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері, ағартушы, этнограф, фольклорист, түркітанушы, әдебиетші, тілші, ғалым...

Оның бүкіл еңбегінің мәнін бір ауыз сөзге сыйғызып айтар болсақ, ол бас әріппен жазылған ҰСТАЗ


Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы.- 3-т. Тіл құралы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) Алматы: Алаш, 2005.-352 бет.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде сауат алуына арналған алғашқы әліппелер мен қазақ тілі грамматикасын танытатын тұңғыш оқулықтардың авторы, қазақша сауат аштыру мен қазақ тілін пән ретінде оқыту әдістерін баяндайтын құралдардың да иесі. Бұл жинақта «Тіл-құрал» оқулықтары мен методикалық құралдардың қолда бар басылымдарының мәтіндері толық ұсынылып отыр.



Байтұрсынұлы А. Жоқтау.- Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы қор, 1993.-96 бет.

Ахмет Байтұрсынұлының «Жоқтау» деп аталатын бұл кітабында өзінің көзі тірісінде жарық көрген, сондай-ақ ауыз әдебиеті мұраларын ұдайы жинап, өңдеген тынымсыз ізденісінің бір бөлігі ретінде танылған «23 жоқтау» бұл жоқтауларды бастырғанда Қазақ тарихының төрт жүз жылын алған. Кітапты баспаға дайындаған Ақаңның немересі А. Байтұрсынұлы атындағы Қордың президенті Самырат Кәкішев.





- Байтұрсынұв А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. (Құраст. Шәріпов Ә., Дәуітов С.)- Алматы: Жазушы, 1989.- 320 бет.
- Қазақ әдебиеті мен өнерінің көрнекті қайраткері Ахмет Байтұрсынұвтың бұл шығармалар жинағына бұрын «Маса», «Қырық мысал» кітаптарында жарық көрген өлеңдері мен аудармалары және «Әдебиет танытқыш» деп аталатын зерттеу еңбегі топтастырылды.




- Байтұрсынұв А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003.- 208 бет.
- Қазақ әдебиеті мен өнерінің көрнекті қайраткері Ахмет Байтұрсынұвтың бұл жинағына «Әдебиет танытқыш» деп аталған зерттеу еңбегі мен өлеңдері топтастырылған.



- Байтұрсынұв А. Жан сөзімді кім түсінер? - Алматы: Қазақстан: А. Байтұрсынұв атындағы қор, 1994.- 112 бет.
- Ахмет Байтұрсынұвтың «Жан сөзімді кім түсінер?» деп аталатын бұл кітабында өзінің көзі тірісінде жарық көрген «Маса», «Қырық мысал» сияқты өлеңдері мен аудармалары басылған кітаптардағы поэтикалық шығармалары топтастырылып беріліп отыр.

- Байтұрсынұв А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) - Алматы, «Ана тілі», 1992.- 448 бет.

- Ахмет Байтұрсынұв – қазақ балаларының ана тілінде сауат алуына арналған алғашқы әліппелер мен қазақ тілі грамматикасын танытатын тұңғыш оқулықтардың авторы, қазақша сауат аштыру мен қазақ тілін пән ретінде оқыту әдістерін баяндайтын құралдардың да иесі. Бұл кітапта сол оқулықтар мен методикалық құралдардың қолда бар басылымдарының текстері толық ұсынылып отыр. Сонымен бірге автордың қазақ жазуы (графикасы), емлесі, терминологиясы жайында жазған мақалалары, сөйлеген сөздері мен қазақ жеріндегі оқу-ағарту мәселелеріне арналған еңбектері де енеді. Бұлардың барлығы дерлік араб жазуынан қазіргі қазақ жазуына көшіріліп беріледі.



Ахмет Байтұрсынұвтың шығармалары:

1. Байтұрсынұв, А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, мақалалар және әдеби зерттеулер.-Алматы: Жалын, 1991.-469 б.
2. Байтұрсынұв, А. Бес томдық шығармалар жинағы.-А.: Алаш мұрасы. Т.3.-2005.-352 б.
3. Байтұрсынұв, А. Бес томдық шығармалар жинағы.-Алматы: Алаш.-{Алаш мұрасы}.Т.4: Әліппелер мен мақалалар жинағы.-2006.- 320 б.
4. Байтұрсынұв, А. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: Алаш. 5 том: Ер Сайын. 23 жоқтау мақалалар.-2006.- 288 б.
5. Байтұрсынұв, А. Тіл тағылымы /Құрастырған Г.Әнесов, А.Мектепов.-Алматы: Ана тілі, 1994.-446 б.
6. Байтұрсынұв, А. Шығармалары Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер.-Алматы: Жазушы, 1989.-319 б.
7. Байтұрсынұв, А. Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер /Ахмет Байтұрсынұв.-Алматы: Атамұра, 2003.-206 б.